

Егемен Қазақстан

Серік Тұрғынбекұлы: Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен



- Ассалаумағалейкум Серік аға, денсаулығыңыз қалай? Сізді сырқаттанып қалды деп естіп, көңіліңізді сұрай келіп отырмыз.
- Уағалейкумсалам, рахмет қарағым. Тәуірленіп қалдым.
- Ендеше, әңгіме өрбіте отырайық ағасы, қазақтың жақсы ақындарының бірісіз. Бұл өнер бойыңызға қайдан дарып жүр?

– Мен туған Торғай өңірі ұлт руханиятына өте бай өлке. Оң-солымды танып, ес біліп, өлең-жырға деген іңкәрлік сезім оянған сәттен бастап, айналамдағы адамдардың шын мәнінде, ақын, жыршы, керемет өнерлі халық екенін аңғардым. Бала кезімде көзім көрген кез келген қария өлендетіп сөйлейтін, тілі шешен, ойы көсем, сөздері жүйелі, керемет еді. Сөйтсем мұның түп-тамыры тереңде жатыпты. Сонау Шақшақ Жәнібек батырдан бастап, бер жағындағы Досбол би, атақты Бірімжановтар, алаштың ақтаңгер тұлғалары Ахмет мен Міржақып, дала батырлары Аманкелді мен Кейкі... деп кете береді. Бұл адамдарға қатысты мен естіген аңыз-әңгімелердің өзі бір-бір дастан. Соның бәрін жастайымыздан құлағымызға құйып, санамызға сіңіріп өстік. Менің ақын болуыма, сөз өнерінен несібе іздеуіме, жоғарыдағы саф алтындай қазақы қайнары суалмаған ортаның әсері болғаны анық.

Одан кейін мектепке барып, хат танығаннан кейін аңғарсам, біз туған өлкеде небір дүлдүл халық ақындары мен жыршылары бар екеніне көзім жетті. Осылардың ұшар басында Нұрхан Ахметбеков деген алапат дастаншыл үлкен ақын тұрды. Оның «Ұры Қарға», «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Жұпар ханым» секілді дастандары ойпырым-ай, бірінен-бірі өтеді. Кез келген әнші, жыршы қолына домбырасын алып, отыра қалып осы дастандарды жатқа жырлайтын. Осы жырларды тыңдап, тамсанып өстік. Бір сөзбен айтқанда, біз Нұрхан рухымен ауыздандық.

Есейе келе бұдан да бөлек, тағы бір керемет көркемдік барын аңғардық. Ол Сырбай мен Ғафудың жырлары. Шіркін-ай, бірінен-бірі өтеді. Нағыз кәсіби заманауи өлең үлгілері. Ауылдың бүкіл бала-шағасы екі ақынның қолымызға тиген өлең-жырын жатқа айтамыз. Кейін ол кісілерді елге келгенде көзіміз көрді.

– **Сырағаң мен Ғафекеңді тұңғыш көргендегі әсеріңіз қазір есіңізде ме?**

– Есімде. Оқиға былай болды. 1963 жылы атақты Нұрхан ақын алпысқа толып, Торғайда толағай теңіз той өтетін болды. Бұл хабарды естіген марқұм жан досым Кеңшілік Мырзабеков екеуміз туған ауылымыз Ақшығанақтан ауданға жаяу тарттық. Екі орта 80-90 шақырым. Мақсатымыз – Алматыдан келетін Сырбай мен Ғафуды тірідей көру. Сөйтсек, Нұрхан тіл-аузы байланған сырқат, күрмеліп сөйлей алмайды екен. Ақынды халық тік көтеріп әкеліп, сахнаға шығарды. Жас балапан секілді екі көзі жәудіреп отырды. Құлағы естиді, көкірегі сайрап тұр, тек тіл жоқ. Өз қолымен жазып берген өлеңін баласы Мәлікзада халыққа оқыды.

*Сендермен бір мәжіліс құра алмадым,
Орнымнан аяқ басып тұра алмадым,
Денсаулық басқа қайта оралмаса,
Ішімде кеткені зой мұң-арманым.*

*Қайратым кеміген жоқ қай тұста да,
Жүлде алдым талай-талай
айтыстарда,*

*Жалғыз-ақ бар арманым
мына саусақ,
Жан бітіп домбыраны
қайта ұстар ма.*

*Ортаңда үнсіз бүгін отырамын,
Сырымды осы хаттан оқы бәрің,
Сүйемін өздеріңді аялаған,
Жас Торғай, кәрі Торғай топырағын.*

*Алтыс жас болғанменен асу биік,
Әлде де, әкете алмас басы биік,
Айтамын тағы да алғыс өздеріңе,
Алтыста қырау шалған басымды иіп.*

Осы өлең сол жерде, айтқан бойда есіме жатталды да қалды. Күні бүгінге дейін бір сөзін ұмытқан емеспін. Осылай той басталды.

Содан... Бір кезде күндей күркіреп, бұлттай буырқанып, жөңкіп шапқан даланың тағы тарпаң жылқысы секілді, шаш деген адам баласына ұқсамайды, ормандағы жабайы арыстанның жалы сияқты, әжімі де тарам-тарам Торғайдың тарғыл даласынан аумайды, аузынан жалын шашып, найзағай жарқылдап сахнаға Сырбай шықты. Құдай сақтасын, сілтідей тынып біз тұрмыз. Содан бастады: «Бұл Нұрхан, алпысқа алқынып келген жоқ, шарқ ұрып келді. Бұл Нұрхан, алпысқа еңбектеп келген жоқ, еңбекпен келді. Нұреке, саған не сыйласа да артық емес. Бірақ көңілің көктемдей болсын деп көк шапан жабуға рұқсат етіңіздер!» деп зорға іркілді.

Екінші болып ойпырмай, өмірі жүген-құрық тимеген бесті асау секілді ауыздығымен алысқан, топқа түссе еті қызып, еліріп кететін қанқызыл тұлпар сияқты, аузынан ақ көбігі бұрқырап, тұмсығымен жер сүзіп, тұяғымен қара тасты қақ айырып жіберетіндей, ауыздығын қарш-қарш шайнап сахнаға Ғафу көтерілді. «Жазуға жаман өлең, жасық жырды, Нұрханның аруағынан әлі қорқам» деп бастап, күркіретіп, күрсінтіп, шарықтатып, шамырқантып өлең оқыды.

Не деген сұмдық ақындар! Екеуінен көз алмаймыз. Күн ыстық еді... Сырағаң қалтасына қолын салды да, салақұлаш орамалын суырып, бетін сүртті. Орамалының бір жартысымен бетін сүртіп жатса, қалған жартысы қалтасынан шыққан да жоқ. Умаждап қайта салып қойды. Бұл да бір ерекше қасиеті болар дедік...

Айтпақшы, бір ай бұрын Назарбек Бектемісов деген ақынжанды ағамыз аудандық газетке «Он бес жасар ақын» деген мақала жазып, менің тұсауымды кесіп, басылым бетіне өлеңімді шығарған-тын. Осы ағай: «Серік, сенің газетке өлеңдерің шықты емес пе. Сен тұра тұр, мына Кеңшілік сахнаға шығып өлең оқысын!» деді. Екеуміз де Нұрханға өлең арнап келгенбіз. Өзімізше ауыздығымызды қарш-қарш шайнап жұтынып тұрмыз.

Кеңшілік сахнаға шығып өлең оқыды. Сол жолы Сырбай мен Ғафу «мына балалар жақсы екен!» деп арқамыздан қақты.

– Ағаларыңызды алғаш көргендегі әсеріңіз керемет екен. Осылардай болсақ деп сіздер де еліктедіңіздер ғой. Солай ма?

– Алғашында еліктеу болды. Біз түгіл Ғафу да Сырбайға еліктеген. Өзі айтатын: «Бірде Сырбайша дауылдатып өлең оқып едім. Сырбай тындап тұрды да: «Өз қалпыңа түс бала, үйренсең де ұқсама!», деді. Содан кейін өз жолыма түсіп кеттім» дейтін.

Сол секілді біз де өз жолымызды таптық. Ғафу – дастаншыл ақын. «Дастаншыл болуым Нұрханнан алған әсерім», дейтін. Өзі Нұрханның эпикалық дастандарын жатқа айтатын.

– Әдеттегідей арман қуып Алматыға келдіңіз, алғашқы кітабыңыз қалай жарық көрді?

– Алматыда қаншама жыл пәтерсіз жүрдік. Алдымыздағы аға буын өкілдерінің бәрінің басынан өткен жағдай екен. Мұнда 10 жыл қаңғырмай пәтер алмайсың. Қалаға тұрақты тіркелудің өзі қиямет. Біз де қиналып жүріп, пәтер алдық. Кейін тұрмысымыз да ел қатарлы жақсарды. Балалы-шағалы болдық.

Өлеңдерім газет-журналдарда бұрқырап жарық көре бастады. Абыз ақын Әбділда Тәжібаевтан бастап жырларыма жақсы лебіздерін білдірді. Мұқағали ағам бір күні: «Әй бала, сен Алматыға келгелі біраз уақыт болды. Кітабың шықты ма?», деді. «Кітабым шыққан жоқ». «Ол қайда?». «Баспаға тапсырғаныма 4-5 жыл болды». «Кітабыңның аты не?».

Кітабымның атын Қадыр Мырзалиев «Қобыз» деп қойып жоспарға кіргізіп қойған болатын. Жоспардан бір-екі рет түсіп те қалғанын білемін. Мұқағали менің бас-аяғыма шолып бір қарап алып: «Қадыр сенің кітабыңның атын «Қобыз» деп қалай қойған. Ол өзі алғашқы кітабын «Домбыра» деп шығарып еді, соған қосақтап қоя салған ғой. Қобыз болса, қобыз болсын» деді.

Мұқағали ертеңінде Қадырға барыпты. Қолжазбаны алыпты. «Серіктің кітабына мен пікір жазам. Одан кейін шығармай көр, Мырзалиев» депті. Екеуі құрдас. Бір-бірімен қатты ойнайтын.

Мұқаң өлеңдерімді оқыпты. Кейбір түрткен жерлері де бар. Кейін кітапқа жазған пікірін көрдім. «Серік ақындық тұсауын кесуге тұратын жігіт. Мұның жырлары алып-жұлып тұрмайды, тоқырап та жатқан жоқ, бойында қаны бар, бабымен жазылған байсалды дүниелер» деген екен. Мұқаң басқа ешкімге бұлай ілтипат білдірген емес. Жарықтық менен үлкен үміт күтті. «Әй, қызталақ, сен түбінде бәрін басасың!», дейтін.

Осылай алғашқы кітабым жарық көрді. Қадыр ағам «Мұқағали саған жақсы пікір жазып берді», деп құттықтап, қолымды алды. Бірақ кітаптың ішіндегі қобыз туралы өлеңім алынып қалды.

«Құлаққа естіледі сенің үнің,

Қаңқылдап бара жатқан

каз даусындай»

деген жолдар бар еді. Осыдан ескіліктің сарыны көрініпті.

– Сіз «әдебиет алыптары» атанған ағалардың көзін көрдіңіз. Олардың бітім-болмысы, адамгершілік қасиеттері туралы сөз қозғасаңыз?

– Біз әдебиетке келгенде Жазушылар одағын Әди Шәріпов басқарды. Бірақ Ғабит пен Сәбитті сырттай да, іштей де көріп жүрдік. Ғабенді алғаш рет Целиноградта көрдім. Онда тың өлкелік жас ақын, жазушылар кеңесі өтті. Сейіт Кенжеахметов, Таңатқан Сәтбаев үшеуіміз Торғайдан келдік. Ғабен «Есіл» қонақ үйінде жатыр екен. Барып сәлем бердік. Ғабит аға болмысында Сәкен Сейфуллинге еліктеген адам. Таза киінеді, шашын майлап қояды. Бетін әрлендіріп, иіссуды көп себеді. Бипаз, биязы, сал-серілікті, тектілікті бойына сіңірген жан.

Ал Сәбен қарапайым адам еді. Сұрағымызды еркін қойып, жатырқамай әңгімелесіп жүрдік. Ғабеннің қасында анталап, ентелеп кету қиын. Паң тұрады. Сөйлесе білсең – қазына.

– Кезінде сіз Сәбен жайлы жап-жақсы радио-хабар дайындаған жоқсыз ба?

– Дайындадым. Ол кезде Қазақ радиосында жұмыс істеймін. Радионың әдебиет редакциясын белгілі балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиев басқарды. Әнекең бір күні маған «Сәбиттің хаттары» деген бағдарлама жаса», деп тапсырма берді. Жазушының үйіне хабарластым. Арғы жақтан қарлығыңқы дауыс шықты. Аты-жөнімді айттым. Уақытын белгілеп, келістік. Үлкен «ЗИМ» машинасымен студияға келді. Жарты сағаттық хабарда көп әңгімелер шертілді. Халықтан хат өте көп алатын адам екен. Ғабиттің 40-тан астам хаты, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің майдан даласынан жазған хаттары туралы айтты. Ішкі мұңдарын таныстырды. Осы таспаға жазылған хабар қазір Сәбен мұражайында әлі сақтаулы тұр.

Сәбен дүниеден өткенде басы-қасында болдым. Бір кісідей атсалыстым. Бейіт басында Ғабит тебіреніп сөйледі. «Бір өзі, бір библиотека кітап жазған адам. Сәбит Мұқановтың сөйлемдерін шашыратып, тіркестіріп жазып жіберсе бүкіл әлемді орап алар еді», деп айтқаны әлі есімде. Екеуі бала жастан бірге өскен құдандалы адамдар, пенделік тірлікте кейде табысып, кейде тақасып та жүрген. Бірақ өнер мен әдебиетке келгенде мүдделері бір болған.

– Басқа кімдердің алдын көріп, өнегесін үйрендіңіз?

– Бауыржан Момышұлының үйінде болдым. Әңгімесін тыңдадым. Ол үйге батырдың інісі, ақын Жақсылық Сәтібеков ертіп апарды. Ғажап батыл адам еді. Сахнаға шығып әділетсіздіктерді айтып-айтып салады. Баукең сөйлегенде бір жасап қаласың. Серке Қожамқұлов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебековтерді көрдім. «Серағаң туралы сыр» деген естелік жаздым. Серағаң бір жарым жылдай Торғай қаласында тұрған екен. Тіпті, Әліби Жангелдиннің отрядына мүше болыпты...

– Секе, сіздің бала кезіңізде ауылда үлкен қариялар болды. Олар кешегі Амангелді, Кейкі, Ахаң мен Жақаңдар жайында не айтушы еді?

– Ауылымызда Амангелді батырдың сарбазы болған Жақия және Назар деген көшелі қариялар бар еді. Сол кісілердің әңгімесін көп естідім. Олар: «Шіркін, нағыз батыр Кейкі еді» деп тамсанатын. Еркіндік желі ескен тұста бала кезде естіген дүниелерім ішімде буырқанып «Кейкі батыр» деген дастан жаздым. Бұл дастан жоғарыдағы шалдардың айтуы бойынша, халық аңыздарына құрылған. Жыраулық үлгіде жазылды.

Ал Ахаң мен Жақаң туралы әңгімені аз естідік. Бірақ ақсақалдар күңкілдеп оңаша қалғанда үнемі айтып отыратын. Ауылда Асқар деген ақсақал болды. Осы кісі кезінде Міржақып басқарған 4-ші Алаш полкының сарбазы болған. Бұл әрекетіне бола Кеңес заманында 10 жыл жаза алып, түрмеге отырып қайтыпты. Осы атамыз айтатын: «1918 жылдың күзінде Қызбелдің Күзеулік деген жерінде Алаш әскері 2-3 ай дайындық жасады. Ақыры басқа барар жері болмай әскер осында қыстап қалды. Әскер қатарында, Асылбек Сейітов деген алаштың дәрігері және жазушы Бейімбет Майлин болды», деп. Биағаң жарықтық Кеңес өкіметіне бір ауыз артық сөз айтпаған адам. Бірақ алдынан Алаш әскерінің маршын жазғаны, әскер сапында болғаны шыға берген. Ақыры атылып тынды.

– Торғай топырағында үрдісі үзілмей келе жатқан үлкен ақындық мектебі болғаны туралы жоғарыда айттыңыз. Осы мектептің белді өкілдері кімдер?

– Бұл өлкеде уақ Жұмабай деген керемет ақын болған. Нұрханның өзі содан үлгі алдым деген. Күдері, Әбіқай дейтін тұяғына шаң тимес дүлдүлдер өткен. Ахаң мен Жақаң осы мектептің өкілдері. Екеуі де өлең жазған. Мысалы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің Абай туралы жазбасында: «Абай өлеңдері Жұмабай, Күдері секілді ақындардың жырлары сияқты болар деп ойлағанмын. Қолжазбасын қолыма алғаннан кейін қарасам, мүлде бөлек, өзі де, сөзі де ұқсамайтын ақын екен», дегені бар.

Ахмет өзі шығарған «Қазақ» газетіне Жұмабай мен Әбіқайдың өлеңдерін басып тұрған. Оларды үлгі тұтқан. Содан Нұрхан, Сырбай, Гафу, Қайнекей, Шәміл шықты. Қайнекей қазақ поэзиясындағы балладаның озық үлгісін жасаған, аса білімдар адам. Көп адамдарға шапағаты тиген. Осы ізбен Қойшығара, Төлен, Қоғабай, Кеңшілік, Сейіт, Қонысбай, Нағашыбай, Әбжандар шықты. Осының бәрі «Торғай ақындық мектебінің» үзілмей келе жатқан сабақтастығы.

– Марқұм Кеңшілік Мырзабеков екеуіңіз тай-құлындай тебісіп, бірге өскен бір ауылдың түлегі екенсіздер. Аяулы досыңыз туралы не айтар едіңіз?

– Кеңшілік екеуіміз бір ауылда өстік. Бір партада отырдық. Бір мектепті бітірдік. Университетте де бірге оқыдық. Өле-өлгенше жұбымыз жазылмады. Біздің алдымызда мықты ақындар болды. Кейінгі толқыннан да мықты

ақындар шығып келеді. Өз басым Кеңшілікті бәрінен биік қоямын. Жан досымның жасындай жарқылдаған жырлары өлмес мұра. Ғасырдан-ғасырға жалғасатын ақын. Өлеңдерінің терең құпия сырлары уақыт өткен сайын ашыла береді. Ол көркемдіктің көкжиегіне жеткен ақын. Оның тентектігі – тектілігі болатын. Кеңшілік екеуміз талай төбелестік. Ашуымыз 5-10 минуттан аспайды. Артынан ұмытып, құшақтасып кете барамыз. Кеңшілік жас кезінде бір жыл біздің үйде тұрды. Анам Кеңшіліктің жақын апасы еді. Егіз қозыдай бір шешенің тәлімін алдық. Мінезі қызық. Аттап басқан қадамы «нарушение». Сондай бір қызық адам. Ол отырған жерде төбелес, даусыз тарқамайды. Артынан бәрі дұрыс болады. Оның бәрін әдейі жасамайтын. Кеңшілік үшін оқудан шыға салу, жұмысын тастап кету деген түк емес еді. Адамдармен тез тіл табысады. Көңілінде реніш деген ұғым мүлде болмайтын, күліп қана жүретін кешірімшіл жан еді. Барлық жанрда қалам тартты. Журналистикада менмін деп жүргендерден асып түсетін. Аударма саласында да ерек тұлға. Орыстың Евтушенкосын аударды. Қысқасы, ол қай жанрда, қай салада қалам тартса да замандастарынан биік тұрды.

– Соңғы жылдары сіз жырды жинай тұрып, драмаға ойыстыңыз. Бұл жанрдан да ойып орын алған жайыңыз бар..

– Сонау 90-жылдардың басында танымал көсемсөзші Камал Смайылов мені Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасына жұмысқа шақырды. Маған тапсырылған дүние – театрларда қойылатын спектакльдерді сұрыптап, қабылдау. Осында жүріп қалай драматург болғанымды да байқамай қалдым. Бұл жанрдың ішіне кіріп кеткен болуым керек, Абайдың 150 жылдығы кезінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы негізінде «Абай-Біржан» драмасын жаздым. Бұл – драматургия саласындағы алғашқы еңбегім. Одан кейін жас күнімнен сөзінің құнарына қанып өскен Н.Ахметбековтің өмір-тарихына қатысты «Нұрхан» пьесасын жаздым. Ол Арқалық қалалық театрында қойылды.

Жаңа ғасырдың жиегінде Астанаға көшіп келдім. Келсем атақты режиссер Әзірбайжан Мәмбетов елорда өнерін көтеруге кіріскен екен. Әзаға мені шақырып алып «Анау-мынауыңды қой, бірге жұмыс істейік», деп театрдың әдебиет бөліміне басшы етіп қойып, «Мұқағали туралы драма жаз», деп бұйырды. Тез жазып шықтым. Біраз жыл болды, бұл қойылым театр репертуарынан түспей келеді...

Әңгімелескен **Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ**